



АҒАШҚА  
ЖАН БІТІРГЕН...

4-БЕТ | ЕҢБЕК КҮНІ



КӨКТАЛ КӨРКЕЙШ  
КЕЛЕДІ

6-БЕТ | ҚАЛА МЕН САЛА



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Тәуелсіздік, аумақтық тұтастық және егемендік – мұның бәрі халқымыз қазір де, келешекте де басшылыққа алатын мығымас қағидалар. Біз барлық стратегиялық мәселе бойынша негізгі одақтастарымызбен қарым-қатынасымызды жалғастыра береміз. Біз барлық тарапты БҰҰ Жарғысы мен халықаралық құқықтың жалпыға бірдей нормаларын негізге ала отырып, қақтығыстарды реттеудің дипломатиялық жолын іздеуге шақырамыз. Осы орайда Қазақстан Украина дағдарысын саяси реттеуді қолдайтын түрлі мемлекеттер мен елдер топтары ұсынған барлық бастамалар мен жоспарларды жоғары бағалайды. Халықаралық дауларды шешуде әрқашан дипломатия мен диалог басшылыққа алынуы керек. Сондықтан біз қазіргі жаһандық институттардың жалғыз жүйесін тұрақтандыруға барынша күш салуымыз қажет.

№113  
(4546)  
Сенбі  
23 қыркүйек  
2023 жыл



# ASTANA

ELORDA  
AQPARAT  
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



## ҚАНША ТУРИСТ КЕЛДІ?

Елордаға жаздың үш айында 68 мың шетелдік турист келді.

«Қонақ ақпараттық жүйесінің мәліметі бойынша жаздың үш айында елімізге 448 мың шетелдік турист келген. Ал жыл соңына дейін Қазақстанға 1,4 млн шетелдік турист келеді деп болжануда.

Жалпы ең көп туристер келген өңірлердің көшін Алматы қаласы бастап тұр. Бұл қалаға 139 мыңнан астам турист барған. Екінші орында – Астана қаласы. Үздік үштікті Алматы облысы түйіндейді. Мұнда 34 мыңға жуық шетелдік саяхаттап келген.



## КӨМІР ҚЫМБАТТАМАЙДЫ

Астанада ақырындап күн суыта бастады. Осыған орай, қала тұрғындары жылу маусымының қашан басталатынын білгісі келеді.

Жылу маусымының басталуы туралы шешімді қала әкімдігі жариялайды. Әкімдіктің қаулысы мәслихаттың қабылдаған ережесіне сәйкес қабылданады. Ал әлеуметтік нысандар – балабақшалар, мектептер, ауруханалар жылу жүйесіне әкімдіктің қаулысын күтпей қосыла алады. Бүгінгі таңда қалада 14 көмір сататын орын жұмыс істейді.

(Соңы 3-бетте)



## ТҰРМЫСТЫҢ ТҰТҚАСЫ – ТҰРҒЫН ҮЙ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Астана қаласын дамыту мәселелері жөніндегі кеңесте әлеуметтік тұрғын үй құрылысына ерекше назар аударды. Осы бағытта елорда әкімдігінде жүйелі жұмыс қолға алынған. Бүгінгі таңда қалада тұрғын үй кезегінде 46267 адам тұр. Бұл – көпбалалы отбасылар, жетім балалар, әскери ұрыс-қимылға қатысушылар секілді әлеуметтік осал топтар санатындағы азаматтар, сондай-ақ мемлекеттік қызметкерлер, бюджеттік мекеме қызметкерлері. Биыл осы санаттарға 5993 пәтер беру жоспарланған. Сонымен қатар әлеуметтік көмек ретінде несиелік баспана сатып алуға бастапқы жарна болып есептелетін әрқайсысы 1,5 млн теңгені құрайтын 277 тұрғын үй сертификаты берілді. Ал жұмыс істейтін жастарға сатып алу құқығынсыз биыл 1000 пәтер беру жоспарланып отыр.

## 23-24 ҚЫРКҮЙЕКТЕ

Қазақ өнер университетінің «Шабыт» сарайы алдындағы алаңда Алматы және Жетісу облысының ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің жәрмеңкесі өтеді. Жетісу өңірінің тауар өндірушілері ет пен балық, жарма мен сүт, көкөніс пен жемістің түр-түрін ұсынады. Жәрмеңкеде сатылатын азық-түлік бағасы нарықтағы бағадан төмен болады.



Elorda Aqparat медиасеріктестігі Астананың 25 жылдығына орай оқушылар арасында «Ел жүрегі – елорда» атты шығармалар байқауын жариялайды. Астана мектептерінің 7-11-сынып оқушылары қатыса алатын байқауға өтінімдер биылғы 15 қыркүйек пен 15 қазан аралығында қабылданады.



ВАЛЮТА  
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 506.95 \$ USD/KZT 475.96 ₰ RUB/KZT 4.9 ¥ CNY/KZT 65.15

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz





**ЕЛІМІЗДЕ ҚЫРКҮЙЕКТІҢ СОҢҒЫ ЖЕКСЕНБІСІНДЕ ЕҢБЕК КҮНІ АТАЛЫП ӨТЕДІ. ОЛ ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРЫНА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТУ ДӘСТҮРЛЕРІН ЖАҢҒЫРТУ ЖӘНЕ ЕРТЕ ЖАСТАН ЕҢБЕКТІҢ МАҢЫЗЫН ТҮСІНУ МАҚСАТЫНДА БЕКІТІЛДІ. ҚАЗАҚСТАНДА ОСЫ КҮННЕН БАСТАП «ЕҢБЕК АРДАҒЕРІ» МЕДАЛІ ЖӘНЕ ЕҢ ЖОҒАРЫ ДӘРЕЖЕЛІ ЕРЕКШЕЛІК БЕЛГІСІ – «ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕҢБЕК ЕРІ» СИЯҚТЫ МЕМЛЕКЕТТІК МАРАПАТТАР ТАҒАЙЫНДАЛДЫ. МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙДЫҢ ЕКІНШІ ОТЫРЫСЫНДА ЕҢ ҮЗДІК ЖҰМЫСШЫ МАМАНДАРЫН МЕМЛЕКЕТТІК ДЕҢГЕЙДЕ ҰЛЫҚТАУДЫ ҰСЫНДЫ. ҚАЗІРГІ КЕЗДЕ ЕЛІМІЗДЕ «ЕҢБЕК ЖОЛЫ» БАЙҚАУЫ ЖӘНЕ БАСҚА ДА ЖҰМЫСШЫ МӘРТЕБЕСІН КӨТЕРУГЕ АРНАЛҒАН ІС-ШАРАЛАР ҰЙЫМДАСТЫРЫЛАДЫ.**

## ҮЛГІЛІ АНА, ІСМЕР ТІГІНШІ

Елордадағы «Green TAL» шеберхана-сында ерекше қажеттілігі бар жандар еңбек етеді. Аталған әлеуметтік шеберханада елордалық Жастар саясаты мәселелері басқармасының қолдауымен, «Астана жастары» жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен астаналық ерекше жандар арасында «Үздік» жобасы бойынша байқау өтті. Жеңімпаздардың қатарынан көрінген Әсел Ахметова «Үздік тігінші-2023» атанды. Он саусағынан өнер тамған ісмердің жұмысымен танысу үшін шеберханаға арнайы бардық.

**Индира  
БЕРЖАНОВА**

Екінші жыл қатарынан «Green TAL» әлеуметтік шеберханасында өткізілген «Үздік» жобасы кейбір жұмысшы мамандықтардың қоғамдағы беделін арттырып, маңызын көпшілікке көрсетумен ерекшеленеді.

2015 жылы ашылған мекемеде 10 қызметкер істейтін тігіншілер цехы бар. Мамандарды жұмыспен қамтуда олардың еңбек өтіліне ешқандай шектеу қойылмайды, яғни мұнда әуесқой тігіншілермен

қатар, өз ісінің кәсіби шеберлері де қызмет етеді. Тігін цехының 80 пайыз маманы – ерекше қажеттілігі бар жандар.

Ал кейіпкеріміз Әсел шеберханаға биыл көктемде жұмысқа орналасты. Оның арнайы бейінді білімі болмаса да, тігіншілік өнердің ұнауы мен цех ұжымымен тез тіл табысуының арқасында жұмысқа сіңісіп кетті. Әуесқой маман тапжылмай еңбек етіп, шыдамдылық таныту арқылы тігін ісін тез әрі жете меңгеріп алған.

Әсел Ахметова – есту қабілетінен айырылған III топтағы мүмкіндігі шектеулі жан. Десе де ол өз ісімен шексіз мүмкіндігі бар қаншама жаңа үлгі



бола алады. «Green TAL» тігін цехының басшысы Сәбина Бейсенованың айтуынша, ұжыммен ортақ тіл тапқан Әсел – үлгілі ана және өз ісінің маманы.

«Біздің цехтың мамандары матадан түрлі бұйым тігумен айналысамыз. Тігін тігу үшін де ептілік, үйлесім, шеберлік, шыдам керек. Қарапайым ғана мысал, түймең түсіп

қалса, оны кез келген адам ине мен жіпті сабақтап іле салады. Бірақ нағыз маманның қолынан шыққан дүние бәрібір көзге әдемі көрініп тұрады. Мұны өз жұмысында көрсете білген жанның бірі Әсел деп сенімді түрде айта аламын» деді С.Бейсенова.

Жеке басының қажыр-қайраты, алға қойған мақсат-мұратына ұмтылудың және кәсіпкерлік саласын кеңейтсем деген ішкі түйсігі Әселді алға жетеледі. Айтқан тапсырмаларды тап-тұйнақтай орындауда

алдына жан салмайды. Сүйікті ісімен айналысу арқылы санаулылардың қатарына ілігуін өзіне көрсетілген сенім, құрмет деп түсінді. Қоғамға керек екенін ұғынды.

Еңбектен қашқақтап, жалқаулыққа, масылдыққа бой алдырмай, қоғамға пайдасын тигізуге ниетті мүмкіндігі шексіз жан көпшілікке осылайша бақыт еңбекте екенін көрсетіп келеді. Тындырымды ісі арқылы еңбек адамының оң имиджін қалыптастыруда мұндай жанның үлесі орасан.

## АҒАШҚА ЖАН БІТІРГЕН...

Ұрпақтан-ұрпаққа ататек арқылы қонатын өнердің бірі де бірегейі – ұсташылық. Бұл өнерді өмір бойы серік ету үшін темірдей төзім мен ерен еңбек қажет. Міне, осы қасиеттерді бойына сіңірген жанның бірі – елордалық ағаш ұстасы Батырбек Төлеутай.

«Green TAL» шеберхана-сында ерекше қажеттілігі бар жандардың қатарында еңбек ететін Батырбек «Астана жастары» жастар ресурстық орталығы ұйымдастырған «Үздік» жобасы аясындағы байқауда «Үздік ұста-2023» атанды. Ұстаханада 3 жыл қызмет етіп келеді. Негізгі мамандығы – графикалық дизайнер. Мекемедегі жұмыс туралы таныстары арқылы білген. Әуел баста шеберханадағы полиграфияда белгілі бір уақыт жұмыс істеген ол кейін ұсталық өнерге қызығады. Ағашты өңдеп, жоңуды, жалпы ұсталықтың әліппесін осында таныды. Істі тез меңгеріп, ағашқа жан бітірген Батырбектің қолынан шыққан заттар көпшіліктің көңілінен шықты.

Аталмыш ұстахана



мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы балаларға арналған

Монтессори жиһаздарының өндірісімен айналысады. Яғни сәбидің

өлшеміне сай өз үстелін, тамақ ішетін ыдысын, ойнайтын құралдарын, партасын, орындығын дайындап береді. Өнімдер нарыққа 2016 жылы шыққан. Қазіргі таңда цехта 4 қызметкер бар. Барлығы да мүмкіндігі шектеулі жандар. Зауыт осы арқылы мүгедек жандарға шектеусіз мүмкіндік сыйлауды мақсат еткен. Бір ай ішінде зауыт тапсырысқа сай 100-ден астам жиһаз шығаруға қауқарлы.

Батырбек Төлеутайдың есту қабілеті нашар болса да, ол ынта-жігерімен әр істі үйреніп кетуге болатынын дәлелді. Рас, адам өмірін қалай өрнектеймін десе, соншалық бейнеттенуі керек. Қазіргі таңда масылдыққа бой алдыру – шетте қалудың көрінісі.

«Қолымнан шыққан әрбір бұйым елдің, әсіресе кішкентай бұлдіршіндердің игілігіне жарап жатса, бұл – мен үшін үлкен қуаныш. Тұғынушыларым оң бағасын берсе, жұмысқа деген жауапкершілік артып, сенім нығаяды. Еңбек етемін

деген адамға мүмкіндік жетеді. Тек жалқаулықты жеңе білу керек» деді өз сөзінде кейіпкер.

Ол «Үздік» жобасының байқауында қарағайдан 60x60 көлеміндегі балабақшаға арналған үстелді сапалы жасауымен көзге түсті. Теориялық білімді тексеру және практикалық тапсырманы орындау кезеңдерінен тұрған байқау барысында жеңімпаз шеберлік деңгейі, жұмысты тиянақты орындау және өнімді сенімді түрде ұсына алуы бойынша бағаланды. 1-орын иеленген ісмерге жыл соңында 350000 теңге қаржылай сыйлық салтанатты түрде табысталады.

Қолы ұста адамның қойнында алтын бар. Сол айтқандай, алтын қолды шебердің балаларға арналған дүниелерін көргенде сүйсінесің. Ағаштан әсем бұйым жасаудың өз ерекшелігі бар. Батырбек бұл іспен күнкөріс көзі ретінде емес, ұнатып, қалағандықтан айналысады. Ағаштан түйін түйіп, ұлттық өнерімізді насихаттап жүрген шебер қашанда құрметке лайық.

Ел ішіндегі саяхатта ең сенімді көлік құралы – пойыз. Болат жолмен сапарға шықсаңыз, сізді вагон алдынан күтіп алып, межелі стансаға жеткенше бар жағдайыңызды жасап, қызмет көрсететін маман – жолсерік. Осы салада 13 жылдан бері еңбек ететін елордалық Ақылзат Сейтжапар – соның бірі.

## ҮЗДІК ЖОЛСЕРІК

**Райхан  
РАХМЕТОВА**

Ақылзаттың бір арманы әнші болу болса, екінші арманы әскери форма кию еді. Сол арманның жетегінде жүріп жолсерік кәсібін таңдады.

– Мен әнші болып халық алдында жүрме-

қызметі үшін «Үздік жолсерік» атағын да алған. Тағы бір айта кетерлігі, биыл мамыр айында ол пойыздағы әнімен хит болып, әлеуметтік желі жұлдызына айналған еді. – Шымкенттен Астанаға қайтар жолда елордаға байқауға келе жатқан жастар баянмен ән салып отыр екен. Әндерін тыңдап, қосыла ыңылдап отырып, «дауысыңыз жақсы екен, ән айтыңыз» деп



сем де, жолсерік болып халық ортасында олармен біргемін. Жұмысым өзіме ұнайды, көпшілік адаммын, абыр-дабыр елдің ортасында жүргенді жақсы көремін. Жолаушылармен тілдесемін, тойдан, құдалықтан келе жатқан үлкен апаларым шүйіркелесіп, көңілін көтеремін. Жолаушы халыққа көп ештеңе керек емес. Жақсы-жайлы сапар үшін таза вагонда салулы төсек, ыстық шай болса, риза болады. Жол бойы әңгіме-дүкен құрып баратын елге қызмет көрсетуге дайынбыз, – дейді жолсерік.

Ақылзат Сейтжапар – екі баланың анасы. Ұлы мен қызы Астанада мемлекеттік грантпен оқып жатыр. Кейіпкеріміз бірнеше рет науқас адамдарға алғашқы медициналық көмек көрсетіп, ажалдан аман алып қалған. Сол

қолқалаған жастар көңілін қимай, ән айттып бергенім бар. Әлгі жастардың бірі телефонға түсіріп отырғанын байқадым, бірақ желіге салып жібергенімнен де хабарсызбын. Астанаға жеткен соң, таңертең оянасам, бауырларым менің ән салған видеом ТікТок желісін шарлап жүр дейді. Күні бойы таныстарым хабарласып, қоңырау толастамады. Оқып қарасам, көргендердің көбі жағымды пікір қалдырған. Тіпті телеарналар бірінен соң бірі шақырып, бала күнгі әнші болу арманым орындалғандай күй кештім, – дейді кейіпкеріміз. Бүгінде Шымкент-Астана бағытындағы пойызда жолсерік болып еңбек ететін Ақылзат әнші болу арманы толық орындалмаса да, бүгінгі мамандығын таңдағанына еш өкінбейтінін айтады.







